

**Екібастұз қаласының ауылдық жерлерінде тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (тұлғаларға) ірі жем - шөп сатып алу үшін біржолғы материалдық көмек беру туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 11 ақпандағы N 100 /1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 03 наурызда N 12-3-291 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 06 қаңтардағы N 22/1 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 06.01.2012 N 22/1 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 31 бабының 1 тармағына 14) тармақшасына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы (IV шақырылған кезекті XXVII сессия) "2011 - 2013 жылдарға арналған Екібастұз қаласының бюджеті туралы" N 309/27 шешімін орындау мақсатында, ауылдық жерлерде тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларын (тұлғаларды) қолдау мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Екібастұз қаласының ауылдық жерлерінде тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (тұлғаларға) жеке шаруашылығын дамыту үшін біржолғы материалдық көмек тағайындау бойынша қоса беріліп отырған комиссия құрамы (бұдан әрі - Комиссия) бекітілсін.

2. Отбасының әр мүшесі үшін жиынтық айлық табысы белгіленген күнкөріс шегінен төмен Екібастұз қаласының ауылдық жерлерінде тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (тұлғаларға) 20 000 теңге мөлшерінде ірі жем-шөп сатып алу үшін біржолғы материалдық көмек алу құқы белгіленсін.

3. Ірі жем-шөп сатып алуға біржолғы материалдық көмек алу үшін "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне мына құжаттарды тапсыру қажет:

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) отбасының әр мүшесінің кірісін растайтын анықтама;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 4) қосалқы шаруашылығы барлығы туралы анықтама;
- 5) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

6) жеке куәлігінің көшірмесі;  
7) "Қазпошта" акционерлік қоғамы пошта бөлімшесінен немесе екінші деңгейдегі банктердегі есеп шоты.

4. Ірі жем-шөп сатып алу үшін біржолғы материалдық көмек осы қаулының 3 тармағында көрсетілген құжаттар түскен күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде Комиссияның шешімімен тағайындалады.

5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ә.Қ. Базарбаева) комиссия төлем тағайындалғандығы туралы шешім шығарғаннан кейін 5 жұмыс күн ішінде қаланың бюджетімен көзделген қаржы аясында ірі жем - шөп сатып алу үшін біржолғы материалдық көмекті қаржыландыруды жүзеге асырсын.

6. Көзделген іс-шаралардың сапалы іске асырылуына, аз қамтамасыз етілген азаматтарға қаражаттың түсірілуіне жауапкершілік "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары Н.М. Күлжанға жүктелсін.

*Екібастұз қаласының әкімі* *А. Вербняк*  
Екібастұз қаласы әкімдігінің  
2011 жылғы 11 ақпандағы  
N 100/1 қаулысымен  
бекітілді

**Екібастұз қаласының ауылдық жерлерінде тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (тұлғаларға) ірі жем–шөп сатып алу үшін біржолғы материалдық көмек тағайындау жөніндегі комиссия құрамы**

Нұрлан Мұқатайұлы Күлжан	- Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
Әлия Қоқышқызы Базарбаева	- "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекеме бастығының міндетін атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары;
Серік Маратұлы Қайырбеков	- "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, комиссия хатшысы;
<b>Комиссия мүшелері</b>	

Бибігүл Мұбаракқызы Аманова	- "Екібастұз қаласы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары;
Жаңылсын Ералықызы Хамитова	- "Екібастұз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы;
Кенжебек Дүйсенбайұлы Дүйсенбаев	- "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК